«БЕКІТЕМІН»
«Облыстық стоматологиялық
орталығы» ШЖҚ МКК директоры

_____________ Қ.С.Машырықов
«___»_____________2024ж

# МЕДИЦИНА ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІНІҢ ӘДЕП КОДЕКСІ

## КІРІСПЕ

Адамның өмірі мен денсаулығы – басты, маңызды құндылықтар. Дәрігер миссияны, мақсатты, принциптер мен құндылықтарды білуі тиіс.

## Миссия

**Біздің миссия**:
Тиімді қолайлық,жайлылық пен ыңғайлылықжағдайында заманауи дианостикалық, емдік, профилактикалық және медициналық- әлеуметтік технологиялар негізінде емделуші қажеттіліктеріне жауап беретін жоғары сапалы амбулаториялық медициналық көмек көрсету. Қызметіміздің басымдылығы профилактика болып табылады.

**Біздің мақсатымыз:**

Пациенттерге медициналық қызмет көрсетуде барлық этикалық нормалар мен құндылықтарды сақтайтын жоғары біліктілікті игерген, ар намысты, бәсекеге қабілетті кадрлар құрамын қалыптасытру.

**Біздің принциптер:**

Медицина қызметкерлері өздерінң лауазымдық міндеттерін орындау кезінде мынадай қағидаттарды басшылыққа алады:
1.Бейтараптық
2.Адалдық және объективтілік
3.Әдептілік
4.Кәсіби құзыреттілік
5.Мінсіз мінез-құлық
6.Адалдық

7.Ақпараттық құпиялылығы
8.Адамгершілік
9.Тәуелсіздік.

1.Өз қызметіне медицина қызметкер
1)Өзінің ллауазымдықміндеттерін адал орындайды, еңбек тәртібін сақтайды,өз жұмыс уақытынұтымды және тиімді пайдалануға;
2)жоғары моральдыө және адамгершілік өлшем шарттарға сәйкес келеді,Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген шектеулер мен тыйым салуларды сақтайды;
3)Клиникалық тиімділігі дәлелденген емдеудің заманауи әдістері мен технологияларын басшылыққа алады;
4) өзінің кәсіби білімін, дағдыларын, құзыреттері мен кәсіпқойлығын үздіксіз жетілдіреді;
5) Қазақстан Республикасының медицина қызметкері жоғары атығының беделін түсіруге қабілетті әрекеттер немесе әрекетсіздіктер жасамайды;
6) Сыбайлас жемқорлық көріністеріне қарсы тұрады;
7) Қызметтік ақпаратты пайдакүнемдік және өзге де жеке мақсаттарда пайдалануға жол бермейді;
8) заңда тәртіптік, әкімшілік немесе қылмыстық жауаптылық көзделген құқық бұзушылықтар мен бұзушылықтар жасауға жол бермейді;
9) Жеке мәселелерін шешу мақсатында қызметтік жағдайды пайдалануға жолбермейді, медициналық өнімдерді жарнамалауға және қызметтік міндеттерін орындауға байланысты жеке және заңды тұлғалардан сыйлықтар, қызметтер алу фактілеріне жол бермейді;
10)Жеке үлгісімен орнықты моральдық-психологиялық жағдай жасауға және ұжымда коропоративтік әдеп пен қауіпсіздік қағидаттарын сақтауға ықпал етеді.
11) Азаматтардың Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау жүйесіне сенімін нығайтуға ықпал етеді;
12) Ар-намыс кодексінің нормаларын сақтауға ықпал етеді;

Пациенттермен қарым-қатынаста медциналық қызметкерлері:

1) Шығу тегіне, әлеуметтік , лауазымдық жәнемүліктік жағдайына, жынысына, нәсіліне,ұлтына , тіліне, дінге көзқарасына, нанымына, тұрғылықты жеріне байланысты немесе кез келген өзге де мән – жайлар бойынша қандай да бір кемсітушілікке ұшырмайды;
2) Пациенттің жеке өміріне жәнеқұпиялық құқығына құрметпен қарайды:
3) Пациенттің мүддесі үшін шешім қабылдайды;
4) Кәсіптік қызмет шеңберінде мұқтаж адамға оның тұрған жері мен уақытына қарамастан медициналық көмек көрсетеді;

5) Өз денсаулығын сақтау үшін ортақ жауапкершілік қағидаттарын түсіндіреді:

3. Әріптестермен қарым-қатынаста медицина фармацевтика қызметкерлері:

1) Іскери этикет пен қызметтік тәртіп ережелерін сақтайды:

2)Әріптестерінің немесе ұйымының аты мен беделіне нұқсан келтіретін жағымсыз жалды жағдайлардан аулақ болады;

3) жанжал туындаған жағдайда медицина қызметкерлері тиісті шаралар қабылдау үшін тіклей басшысымен қақтығыс мәелесін талөқылайды.

4) Қызметкерлеріне сыбайлас жемқорлық көріністерін жасаған деп көпшілік алдында негізсіз айып тағылған жағдайда медицина қызметкері осындай айыптау анықталған күннен бастап бір ай мерзімде оны теріске шығару жөнінде шаралар қолданады.